

**ПАВЛОДАР қаласының дарынды балаларға арналған
мамандандырылған "ЖАС ДАРЫН" мектебі мен Павлодар облысының
Тереңкөл ауданының білім беру бөлімі арасындағы
өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Павлодар қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған "Жас Дарын" мектебі атынан директоры Жанғазы Гүлнар Садыққызы, Тереңкөл ауданының білім беру бөлімінің басшысы атынан Билялова Жайнат Қаликайдарқызы, бұдан әрі "Тараптар" деп аталатындар басшылыққа ала отырып:

- Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңымен;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері және басқа да нормативтік құжаттармен төмендегілер туралы осы Меморандумға қол қойды:

бап

Тараптар саладағы ынтымақтастықты дамытады және нығайтады:

- іс-шараларды (семинарлар, тренингтер, мастер-кластар, коучингтер, онлайн-семинарлар, ашық сабақтар, олимпиадалар, конкурстар) бірлесіп өткізу бойынша);

- оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда негізгі озық бағыттар мен тәсілдерді қолдану;

- кәсіби қоғамдастықтар құру және дарынды балаларға арналған "Жас дарын" мамандандырылған мектебінің тәжірибесін трансляциялау бойынша желілік өзара іс-қимылды ұйымдастыру».

бап

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған "Жас дарын" мектебі келесі міндеттемелерді қабылдайды:

- "Жас дарын" дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектебі және Тереңкөл ауданы мектептерінің мұғалімдері арасында тәжірибе алмасуды үйлестіру;

оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу бойынша педагогикалық қызметкерлерді даярлау үшін оқыту семинарларын өткізу;

– оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

бап

Тереңкөл ауданының білім бөлімінің басшылығы келесі міндеттемелерді қабылдайды:

кәсіби қоғамдастықтарды қалыптастыру және дарынды балаларға арналған "Жас Дарын" мамандандырылған мектебі мен Тереңкөл ауданы мектептері арасында желілік өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

- аудан мектептерінің әкімшіліктерін білім беру үдерісін басқару

мәселелеріне оқытуды ұйымдастыру;
тәрбие жұмысына негізгі тәсілдер бойынша, ата-аналармен жұмыс бойынша,
мектеп қоғамдастықтарын ұйымдастыру бойынша оқыту семинарларын
ұйымдастыру;

- Тереңкөл ауданының мектеп-интернаты базасында жазғы мектептің
жұмысын ұйымдастыру

- бірлескен қызмет нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында,
әлеуметтік желілерде жариялау

бап

Осы Меморандум шеңберінде іске асырылатын барлық іс-шаралар мүдделі
тараптардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

бап

Осы Меморандум Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын
басқа шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке
хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

бап

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде
туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар
жолымен шешіледі.

бап

Осы Меморандумға қол қойған тараптар оның іске асырылу барысына
мониторинг жүргізетін болады.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға Тараптардың
уәкілетті өкілдері қол қоятын және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып
табылатын хаттамаларды жасау арқылы жазбаша нысанда ресімделетін
өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

«Павлодар қаласының "Жас Дарын"
мамамандандырылған мектебі» ММ
директоры



Г.С. Жанғазы

« » 2020ж.

Тереңкөл ауданының білім
бөлімінің басшысы



Ж.К. Билялова

« » 2020 ж.